

1995 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 18 шілдедегі N 2366

"Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және тарихи отанына қайтып оралуға тілек білдірген босқын-репатрианттардың көшіп келуін және оларды жайғастыруды ұйымдастыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті ұсынған Шет елдерден көшіп келудің 1995 жылға арналған квотасы қосымшаға сәйкес 5 мың отбасы болып белгіленсін;

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

осы қаулыны жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар қолдансын:

Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорынан басқын-репатрианттардың көшіп келуін, оларды қабылдауды, жайғастыруды және бейімделуін ұйымдастыруға 250000 мың теңге мөлшерінде қаражат бөлінуін қамтамасыз етсін;

босқын-репатрианттардың отбасылары жинақы қоныстандырылатын

аудандар мен елді мекендерді, сондай-ақ оларды жұмыспен қамтамасыз ететін шаруашылықтардың тұрпатын айқындасын;

олардың қабылдануын, жайғастырылуын және қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасалуын қамтамасыз етсін;

тұрғын үй, отын, электр энергиясы және басқа коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жөнінде босқын-репатрианттарға жеңілдіктер көзделсін.

3. Осы Қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1995 жылғы 18 шілдедегі

N 2366 қаулысына

қосымша

Шет елдерден көшіп келудің 1995 жылға арналған

Квотасы

	мемлекеті Респ. Респ.			рация. касы		
	сы					
Ақмола	-	-	-	100	200	50
Ақтөбе	-	-	-	-	150	-
Алматы	-	-	120	40	30	50
Атырау	-	-	-	-	130	20
Шығыс Қазақстан	-	-	30	20	5	-
Жамбыл	30	30	65	-	25	50
Жезқазған	-	-	20	10	70	30
Батыс Қазақстан	-	-	-	-	60	-
Қарағанды	-	-	50	50	50	-
Қызылорда	-	-	-	-	10	-
Көкшетау	-	-	20	30	20	-
Қостанай	-	-	-	-	400	-
Маңғыстау	-	170	-	-	100	50
Павлодар	-	-	-	20	250	10
Солтүстік Қазақстан	-	-	-	-	100	20
Семей	-	-	50	-	70	-
Талдықорған	-	-	100	-	-	-
Торғай	-	-	5	30	10	-
Оңтүстік Қазақстан	-	-	-	-	-	150
Алматы қаласы	-	-	10	5	35	10
Барлығы	30	200	470	305	1715	440

Көшіп келушілер |Түрікменстан| Түрік | Өзбекстан|Барлығы
жіберілетін облыс | |Республи. Республи. |
| |касы | касы |

Ақмола	50	-	50	450
Ақтөбе	-	-	50	200
Алматы	-	40	20	300
Атырау	-	-	50	200
Шығыс Қазақстан	-	-	-	55
Жамбыл	50	-	200	450
Жезқазған	40	-	30	200
Батыс Қазақстан	-	-	-	60
Қарағанды	-	-	-	150
Қызылорда	40	-	-	50

Көкшетау	-	-	-	70
Қостанай	-	-	-	400
Маңғыстау	400	-	200	920
Павлодар	20	-	-	300
Солтүстік Қазақстан	-	-	-	120
Семей	-	-	-	120
Талдықорған	-	-	-	100
Торғай	-	-	-	45
Оңтүстік Қазақстан	80	20	500	750
Алматы қаласы	-	-	-	60
Барлығы	680	60	1100	5000